

## МАЗМҰНЫ

Жоғарғы Соттың жалпы отырысында төрт нормативтік қаулының жобасы талқылады.....2

«Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 15 нормативтік қаулы.....6

«Баланың туу тегін анықтауға байланысты істерді қарау кезінде соттардың заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 16 нормативтік қаулы.....35

«Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 17 нормативтік қаулысы.....51

«Өздерінің қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асыратын заңды тұлғаларды тараудағы сот тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 18 маусымдағы № 5 нормативтік қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 29 қарашадағы № 18 нормативтік қаулысы.....69

Инвестициялық даулар бойынша 2016-2017 жылдардағы азаматтық істерді қарау жөніндегі сот практикасын қорыту.....75

## СОДЕРЖАНИЕ

На пленарном заседании Верховного Суда обсуждены проекты четырех нормативных постановлений.....4

Нормативное постановление Верховного Суда от 29 ноября 2018 года № 15 «О применении судами законодательства при разрешении споров, связанных с воспитанием детей».....21

Нормативное постановление Верховного Суда от 29 ноября 2018 года № 16 «О применении судами законодательства при рассмотрении дел, связанных с установлением происхождения ребенка».....43

Нормативное постановление Верховного Суда от 29 ноября 2018 года № 17 «О рассмотрении уголовных дел в порядке приказного производства».....60

Нормативное постановление Верховного Суда от 29 ноября 2018 года № 18 «О внесении изменений и дополнений в нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 18 июня 2004 года № 5 «О судебной практике ликвидации юридических лиц, осуществляющих свою деятельность с грубым нарушением законодательства».....72

Обобщение судебной практики по рассмотрению гражданских дел по инвестиционным спорам за 2016-2017 годы.....75

## Жоғарғы Соттың жалпы отырысында төрт нормативтік қаулының жобасы талқыланды

Жоғарғы Соттың Төрағасы Жақып Асановтың төрағалық етуімен 2018 жылғы 29 қарашада еліміздің жоғары сот органының кезекті жалпы отырысы болып өтті.

Жалпы отырыстың жұмысына Жоғарғы Соттың судьялары, ғылыми-консультативтік кеңестің мүшелері, Конституциялық Кеңестің, Бас прокуратураның, әділет, ішкі істер, білім және ғылым министрліктерінің, сондай-ақ ҰҚК, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюроның, адвокаттар алқасының өкілдері қатысты.

Жалпы отырыстың жұмысы Интернетте онлайн режимде көрсетілді.

Отырыстың күн тәртібіне сәйкес Жоғарғы Соттың төрт нормативтік қаулысының (бұдан әрі – НҚ) жобасы талқыланды.

Жоғарғы Соттың судьясы Зәуре Кейкібасова «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулы жобасымен таныстыра келе «Біз «тәрбиелеу» сөзін тар мағынада түсінбеуіміз керек. Баланың тағдырына қатысты мәселені қарап, оларға қатысты дауларды шеше отырып, олардың дүниетанымы мен болашағына ғана емес, халқымыздың келешегіне де ықпал етеміз», - деп атап өтті.

З. Кейкібасова қандай жағдайларда ата-ана құқықтарын шектеу және алименттерді өндіруден бас тарту шарасы қолданылуы мүмкін екендігі, ата-анасының бірімен тұрақты тұру үшін Қазақстанның шегінен тысқары кететін балалардың тұрғылықты жерін анықтау туралы істерді қарау кезінде туындайтын кейбір мәселелер туралы айтып берді. Ол шешім шығару кезінде соттардың қоныс аударатын ата-ананың кәмелетке толмаған баланы басқа елде қажетінше бағып-күту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету мүмкіндігін және басқа да мән-жайларды ескеретінін атап өтті.

Жоғарғы Соттың судьясы Сара Жармұхамбетова «Баланың туу тегін анықтауға байланысты істерді қарау кезінде соттардың заңнаманы қолдануы



туралы» нормативтік қаулының жобасы туралы баяндай келе, өз ата-анасын білу құқығы Баланың құқықтары туралы конвенцияда бекітілгендігіне тоқталды.

С. Жармұхамбетова сондай-ақ әке болуды даулау, баланың тууы туралы актінің жазбасынан баланың әкесі туралы мәліметті алып тастау, әке болуды тану фактісін немесе әке болудың заңдық фактісін анықтау және т.б. туралы қойылған талаптарды қарау кезінде соттарда туындайтын қиындықтар туралы атап өтті.

Жоғарғы Соттың судьясы Лаура Ағыбаева «Қылмыстық істерді бұйрықтық іс жүргізу тәртібімен қарау туралы» нормативтік қаулының жобасын таныстыра келе, жаңа институт – бұйрықтық іс жүргізудің мақсаты, ерекшеліктері туралы айтып берді. Нормативтік қаулының жобасы сотқа дейінгі сатыда және сотта істі қарау кезінде бұйрықтық іс жүргізуді қолдану нормаларын түсіндіруден тұратыны баяндалды.

Л. Ағыбаева атап өткендей, нормативтік қаулыны қабылдау бұйрықтық іс жүргізу сот практикасындағы даулы мәселелерді шешуге, іс жүргізудің осы түрін практикада кеңінен қолдануға, процесті оңайлатуға мүмкіндік береді және судьяларға, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен азаматтарға бұйрықтық іс жүргізуді қолдану бойынша олардың құқықтарын іске асыруда пәрменді көмек көрсетеді.

Жоғарғы Соттың судьясы Асқар Смайлов «Өздерінің қызметін заңнаманы өрескел бұза отырып жүзеге асыратын заңды тұлғаларды таратудағы сот практикасы туралы» нормативтік қаулыға түзетулер енгізу туралы нормативтік қаулының жобасын ұсынды. Қаулыны әзірлеу заңнамаға өзгерістер енгізуге байланысты болып отыр. Нормативтік қаулының жобасында іс жүзінде жоқ борышкердің жаңа анықтамасы берілген, сондай-ақ заңға сәйкес ұсыну мерзімі белгіленгеннен кейін корпоративтік табыс салығы туралы декларацияны немесе жеңілдетілген декларацияны бір жыл өткеннен кейін ұсынбаған жағдайда заңды тұлғаны таратуға жол берілмейтіндігі көрсетілген. Сондай-ақ тиісті лицензиясыз өздерінің қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаларды тарату туралы талаптарды беру құқығы лицензиарға ғана тиісті екендігі баяндалды.

Талқылаудан кейін жалпы отырысқа қатысушылар нормативтік қаулылардың жобаларын қабылдады.



Редакциялық алқа

## На пленарном заседании Верховного Суда обсуждены проекты четырех нормативных постановлений

29 ноября 2018 года Председатель Верховного Суда Жакип Асанов провел очередное пленарное заседание высшего судебного органа страны.

В работе пленарного заседания приняли участие судьи Верховного Суда, члены научно-консультативного совета, представители Конституционного Совета, Генеральной прокуратуры, министерств юстиции, внутренних дел, образования и науки, а также КНБ, Нацбюро по противодействию коррупции, адвокатуры. Вся работа пленарного заседания транслировалась в Интернете в режиме онлайн.



В повестке дня заседания – обсуждение четырех проектов нормативных постановлений Верховного Суда (далее – НП).

Представляя проект НП «О применении судами законодательства при разрешении споров, связанных с воспитанием детей», судья Верховного Суда Зауре Кейкибасова отметила: «Мы не должны узко понимать значение слово «воспитание». Решая судьбу ребенка, разрешая споры с его участием, мы тем самым влияем не только на его мировоззрение и будущее, в том числе нашего народа».



З.Кейкибасова рассказала, в каких случаях может быть применено ограничение родительских прав и отказ от взыскания алиментов, о некоторых вопросах, возникающих при рассмотрении дел об определении места жительства детей, выезжающих за пределы Казахстана с одним из родителей на постоянное место жительства. Она подчеркнула, что при вынесении решения суды учитывают возможность выезжающего родителя обеспечить несовершеннолетнему ребенку в другой стране необходимое содержание и воспитание и другие обстоятельства.

Говоря о проекте НП «О применении судами законодательства при рассмотрении дел, связанных с установлением происхождения ребенка», судья Верховного Суда Сара



Жармухамбетова подчеркнула, что право знать своих родителей закреплено в Конвенции о правах ребенка. Ребенок имеет право знать своих кровных (биологических) родителей, жить и воспитываться в семье.

С.Жармухамбетова также отметила о трудностях, которые возникают у судов при рассмотрении исков об оспаривании отцовства, исключении сведений об отце ребенка из записи акта о рождении ребенка, установлении факта признания отцовства или юридического факта отцовства и др.

Говоря о проекте НП «О рассмотрении уголовных дел в порядке приказного производства», судья Верховного Суда Лаура Агыбаева рассказала о целях, особенностях нового института - приказном производстве. Отмечено, что проект НП содержит разъяснения норм применения приказного производства на досудебной стадии и при рассмотрении дела в суде, разъяснены нормы закона, регулирующие возвращение судьей дел органу досудебного производства, вопросы назначения штрафа.

Как отметила Л.Агыбаева, принятие НП позволит решить спорные вопросы судебной практики приказного производства, шире применять этот вид производства на практике, способствует упрощению процесса и окажет действенную помощь судьям, сотрудникам правоохранительных органов и гражданам в реализации их прав по применению приказного производства.

Судья Верховного Суда Аскар Смайлов представил проект НП по внесению поправок в НП по вопросам ликвидации юридических лиц, осуществляющих свою деятельность с грубым нарушением законодательства. Его разработка обусловлена внесением изменений в законодательство. В проекте НП изложено новое определение отсутствующего должника, исключается ликвидация по непредставлению декларации о корпоративном подоходном налоге или упрощенной декларации по истечении одного года, после установленного законом срока представления. Также отмечено, что правом на предъявление исков о ликвидации юридических лиц, осуществляющих свою деятельность без надлежащей лицензии, обладает только лицензиар.

После обсуждения участники пленарного заседания приняли проекты НП.



**Редакционная коллегия**

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ № 15 НОРМАТИВТІК ҚАУЛЫСЫ**

2018 жылғы 29 қараша

Астана қаласы

### **Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы**

Соттар балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешкен кезде кәмелетке толмағандардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) нормаларын дұрыс және біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді.

1. Соттар балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды қарау барысында Кодексті және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алуға тиіс. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда нормативтік құқықтық актілерде қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттардың қағидаларын басшылыққа алу қажет.

2. Балаларды тәрбиелеуге байланысты даулар бойынша талап қою арызын соттың іс жүргізуіне қабылдау туралы мәселені шеше отырып, Кодекстің 1-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған адам бала болып танылатынын назарда ұстау қажет.

Егер бала он сегіз жасқа толса не аталған жасқа толғанға дейін эмансипация немесе некеге тұру нәтижесінде әрекетке толық қабілетті болса (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АҚ) 17, 22-1-баптары), судья Кодекстің 68-бабы 2-тармағының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 151-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасы негізінде талап қою арызын қабылдаудан бас тартады, ал егер іс бойынша іс жүргізу қозғалса, ол АПК-нің 277-бабының 1) тармақшасына сәйкес тоқтатылуға жатады.

Судья істі сот талқылауына дайындау барысында туындаған дауды шешу үшін маңызы бар және тараптардың дәлелдеуіне жататын мән-жайларды дұрыс айқындап, олардың арасында ата-аналардың не баланы тәрбиелеп отырған өзге адамдардың жеке қасиеттерін сипаттайтын мән-жайларға, сондай-ақ осы адамдардың баламен қалыптасқан өзара қарым-қатынасына ерекше назар аударуы тиіс.

Сот баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы, баладан бөлек тұратын ата-ананың ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы, ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы, ата-ана құқықтарын шектеу туралы, ата-ана құқықтарын шектеу салдарларының күшін жою туралы, заңға немесе сот шешіміне негізделмей ұстап отырған баланы ата-аналарына, қорғаншыларына (қамқоршыларына), патронаттық тәрбиешісіне қайтару туралы істерді қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың қатысуымен, ал ата-ана құқықтарынан айыру туралы істерді сонымен қатар прокурордың қатысуымен қарайды (Кодекстің 76-бабының 2-тармағы).

Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар сот ұйғарымының негізінде белгіленген тәртіппен баланың және оны тәрбиелеуге үміттеніп отырған адамның (адамдардың) тұрмыс жағдайларын зерттеуге, сондай-ақ сотқа зерттеу актісін және оған негізделген даудың мәні жөніндегі қорытындыны ұсынуға міндетті.

Зерттеу жүргізу мәселесі істі сот талқылауына дайындау сатысында шешілуі тиіс.

Іс бойынша органның қорытындысын сот басқа дәлелдемелердің жиынтығында бағалайды. Қорытындымен келіспеу іс бойынша қабылданған шешімде уәжделуі тиіс.

3. Балаларды тәрбиелеуге байланысты дауды шешу барысында соттар Баланың құқықтары туралы конвенцияның (Нью-Йорк қаласы, 1989 жылғы 20 қараша, «Баланың құқықтары туралы конвенцияны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы) 12-бабының және Кодекстің 62-бабының ережелерін ескеруі қажет, оларға сәйкес бала жасына қарамастан, өзінің мүдделерін қозғайтын барлық мәселелер бойынша пікірін еркін білдіруге, сондай-ақ кез келген сот немесе әкімшілік талқылау барысында өзін тыңдатуға құқылы.

Сауалды баланың жасы мен жетілуін ескере отырып, педагогтың және (немесе) психологтың қатысуымен, мүдделі адамдардың балаға ықпал етуін болдырмайтын жағдайда жүргізу керек. Бұл ретте баланың пікірі оған ата-аналарының біреуінің немесе басқа да мүдделі адамдардың ықпалы салдарынан қалыптасқанын, оның осы пікірді білдіру кезінде өз мүдделерін сезінетінін және оның осы пікірді қалай негіздейтінін анықтау қажет.

Балаға сауал қою барысында қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар өкілінің қатысуы баланың пікірін білу үшін педагогтың және (немесе) психологтың міндетті түрде қатысатыны туралы АПК-нің 77-бабы бесінші бөлігінің талаптарын орындаудан сотты босатпайды.

4. Кодекстің 73-бабының 3-тармағына сәйкес ата-аналар баладан бөлек тұратын ата-анасының ата-ана құқықтарын жүзеге асыру тәртібі туралы жазбаша нысанда келісім жасауға құқылы. Егер ата-аналары

келісімге келе алмаса – дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда дау осы органның және баланың ата-аналарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді. Осыған байланысты талап қоюшы осы іс санаты бойынша дауды алдын ала сотқа дейін шешу жөнінде заңнамада белгіленген тәртіпті сақтауға тиіс екенін соттардың ескергендері жөн.

Егер дауды сотқа дейін алдын ала шешу тәртібі сақталмаса және осы тәртіпті қолдану мүмкіндігі жойылмаса, судья АПК-нің 152-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес талап арызды қайтаруы және қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жүгіну қажеттігін түсіндіруі тиіс.

Кодекстің 61-бабына сәйкес баланың ата-анасының екеуімен де, аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар.

Баладан бөлек тұратын ата-ананың баламен араласу құқығын, сондай-ақ осы ата-анамен араласу кезінде кәмелетке толмаған адамның құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттігін негізге ала отырып, сот әрбір нақты істің мән-жайларын ескеріп, араласудың тәртібін (араласу уақыты, орны, ұзақтығы және т.б.) айқындайды және оны шешімнің қарар бөлігінде көрсетеді.

Ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау кезінде оның жасы, денсаулық жағдайы, ата-ананың әрқайсысына үйірлігі және баланың физикалық және психикалық денсаулығына, оның адамгершілік жағынан дамуына әсер ететін басқа да мән-жайлар назарға алынады.

Бөлек тұратын ата-анамен араласу балаға зиян келтіруі мүмкін ерекше жағдайларда, сот баланың физикалық және психикалық денсаулығы мен оның адамгершілік жағынан дамуына зиян келтіре отырып, ата-ана құқықтарын жүзеге асыруға жол бермейтін Кодекстің 73-бабының 1-тармағын негізге ала отырып, шешім қабылдау уәждерін баяндай келе, осы ата-ананың бала тәрбиесіне қатысу тәртібін айқындау туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартады.

Заң немесе сот шешімі негізінде басқа адамдардың асырауындағы балаларды тәрбиелеуге ата-ана құқықтарынан айырылмаған ата-ананың қатысуына кедіргілерді жою туралы талаптар да осыған ұқсас тәртіпте шешілуі тиіс.

Сот бөлек тұратын ата-ананың бала тәрбиесіне қатысу тәртібін айқындай отырып, басқа ата-ана сот шешімін орындамаған жағдайда, оған заңнамада көзделген шаралардың қолданылатыны туралы ескертеді. Сот шешімі қасақана орындалмаған жағдайда, баласынан бөлек тұратын ата-анасының талабы бойынша сот баланың мүдделерін негізге алып және

баланың пікірін ескере отырып, баланы оған беру туралы шешім шығара алады (Кодекстің 73-бабының 4-тармағы).

Сот бөлек тұратын ата-ананың бала тәрбиесіне қатысудың сот шешімімен белгіленген тәртібін бала тәрбиелеудің нақты мән-жайлары мен жағдайлары өзгерген кезде ата-аналарының біреуінің талап қоюы бойынша қайта қарауы мүмкін.

Баланың туыстарымен (аталары, әжелері және т.б.) араласу тәртібін айқындауға байланысты дауларды шешу барысында, баланың аталарымен, әжелерімен, аға-інілерімен, апа-сіңлілерімен (қарындастарымен) және басқа да туыстарымен араласуға құқығы бар болғандықтан, тиісінше соңғылардың да осындай құқығы бар екенін ескеру керек. Егер көрсетілген туыстары ата-аналармен не олардың біреуімен келісімге келе алмаса, дауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, ал оның шешімімен келіспеген жағдайда осы органның, баланың ата-аналары мен туыстарының қатысуымен медиация тәртібімен шешіледі немесе оны сот шешеді.

5. Сот бөлек тұратын ата-аналарының (олар некеде (ерлі-зайыптылықта) болуына қарамастан)) арасындағы кәмелетке толмағанның тұрғылықты жері туралы дауды шешу кезінде Кодекстің 68-бабында белгіленген ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің теңдігін негізге алып, баланың мүдделеріне сәйкес келетін шешім қабылдауға тиіс.

Сот баланың ата-анасының әрқайсысына, аға-інілеріне және апа-сіңлілеріне (қарындастарына) үйірлігін, оның жасын, ата-анасының адамгершілік және өзге де жеке қасиеттерін, ата-анасының әрқайсысы мен баланың арасындағы қарым-қатынастарды, баланың дамуы және тәрбиесі үшін жағдайлар жасау мүмкіндігін (ата-аналар қызметінің түрін, жұмысының режимін, олардың материалдық және отбасылық жағдайын және т.с.с.), сондай-ақ ата-аналарының әрқайсысының тұратын жерінде қалыптасқан жағдайды сипаттайтын басқа да мән-жайларды ескереді. Ата-аналарының біреуінің материалдық-тұрмыстық жағдайының артық болуы осы ата-ананың талаптарын қанағаттандыру үшін сөзсіз негіз болып табылмайды.

Бала ата-аналарының біреуімен тұрып, ал сот шешімімен оның тұрғылықты жері басқа ата-анасымен айқындалған жағдайларда, шешімнің қарар бөлігінде бала бірге тұратын ата-анасының оны басқа ата-анасына беру міндетін көрсету керек.

Балалардың тұрғылықты жері туралы даулар бірнеше рет қаралуы мүмкін және егер ата-аналар балаларды тәрбиелеудің нақты мән-жайлары мен шарттарының өзгергенін көрсете отырып, сотқа баланың тұрғылықты жерін басқа негіздер бойынша айқындау (өзгерту) туралы талап қойып жүгінсе, онда судья АПК-нің 151-бабы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы негізінде талап қою арызын қабылдаудан бас тартуға немесе сот (судья)

іс бойынша іс жүргізуді АПК-нің 277-бабының 2) тармақшасы негізінде тоқтатуға құқылы емес.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 361 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидаларының (бұдан әрі – Кетуге арналған құжаттарды ресімдеу қағидалары) 7-тармағының б) тармақшасына сәйкес он сегіз жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары ата-анасының біреуімен (қорғаншысымен, қамқоршысымен) бірге тұрақты тұруға кететін кезде Қазақстан Республикасының аумағында тұратын екінші ата-анасының нотариалды түрде расталған келісімі болуы қажет. Келісім болмаған кезде, кәмелетке толмаған баланың кетуі тұрғылықты жерін айқындау туралы талап қою арқылы сот тәртібімен қаралуы мүмкін.

АПК-нің 27-бабының үшінші бөлігінде бала ата-аналарының біреуімен республикадан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін (бұдан әрі - ТТ) кеткен кезде баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы даулар бойынша істерді кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың қарауы көзделген.

Ата-аналарының біреуімен республикадан тыс ТТ-ға кетуі кезінде баланың тұрғылықты жерін айқындау баланың елден шығуына рұқсат беруді білдіреді.

Талап қоюшы баланың кетуіне рұқсат беру туралы талаптарды мәлімдеген жағдайда, сот істі сот талқылауына дайындау барысында талап қоюшыға бала ата-анасының біреуімен республикадан тыс ТТ-ға кетуі кезінде талап қою нысанасын тұрғылықты жерін айқындау туралы талап қоюға өзгерту құқығын түсіндіруі қажет.

Бала ата-аналарының біреуімен республикадан тыс ТТ-ға кетуі жағдайында тұрғылықты жерін айқындау туралы дауды шешкен кезде, баланың ата-анасының біреуімен тұратын жерін айқындау туралы соттың бұрын шығарылған шешімі баланың осы ата-анасымен Қазақстан Республикасынан тыс жерге көшу жағдайына қолданылмайтынын соттар назарда ұстауы тиіс, өйткені ол шешім тұрудың басқа жағдайлары ескеріле отырып қабылданған.

Ата-ана құқықтарының іске асырылуы балалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзуға тиіс емес және баланың республикадан тыс кетуіне ата-аналарының рұқсат беру ниетінің болуына немесе болмауына не ата-аналарының арасында туындаған қайшылықтарға тәуелді бола алмайды.

Шешім шығару кезінде сот баланың ата-аналарының әрқайсысына, аға-інілеріне және апа-сіңлілеріне (қарындастарына) үйірлігін, баланың жасын, ата-аналарының адамгершілік және өзге де жеке қасиеттерін, әрбір ата-анасы мен баланың арасындағы қарым-қатынастарды,

ата-аналардың баланың дамуы мен тәрбиесі үшін жағдайлар жасау мүмкіндігін (қызмет түрін, жұмыс режимін, олардың материалдық және отбасылық жағдайын және т.с.с.), бала келген жерінде тәрбиеленетін жағдайларды (тұрақты тұрғын үй-жайдың, тұрақты жұмыстың болуын, еңбекке ақы төлеу мөлшерлерін, ата-аналарының отбасылық жағдайын және басқа да мән-жайларды) сондай-ақ баланың пікірі мен қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органының қорытындысын ескереді.

7. Ата-аналардың барлық өзге адамдар алдында өзінің баласын тәрбиелеуге басым құқығы бар (Кодекстің 70-бабының 2-тармағы) және баланы заңның немесе сот шешімінің негізінсіз өз қолында ұстап отырған кез келген адамнан оны қайтаруды талап етуге құқылы (Кодекстің 74-бабының 1-тармағы).

Соттар заңның немесе сот шешімінің негізінде тәрбиелеп жатқан адамдардың (қорғаншылар, қамқоршылар, патронат тәрбиешілер, балалар мекемелері т.с.с.) балаларды ата-аналардың өздеріне қайтаруы туралы талап қоюларын қарау барысында, дау туындаған кезде балаларды көрсетілген адамдарға немесе балалар мекемелеріне беруге негіз болған мән-жайлардың өзгерген-өзгермегенін, балаларды ата-аналарына қайтару олардың мүддесіне сай болуын анықтауға тиіс.

Балалар бірге тұрған ата-анасы қайтыс болғаннан кейін заң немесе сот шешімінің негізінсіз балалар қолдарында болған адамдардан (әжесі, атасы, әкесімен бірге туған апасы мен ағасы, нағашы апасы мен нағашы ағасы және басқа да туыстары) балаларды өзіне беру туралы ата-анасының бірі қойған талапты қарау кезінде соттар ата-анасы қайтыс болғанға дейін балалар онымен қандай мән-жайларға байланысты бірге тұрғанын, екінші ата-анасының балаларды тәрбиелеу мен күтіп-бағуға қатысқанын-қатыспағанын, балаларды беру туралы талап қою мәлімдеуге түрткі болған себептерді, балаларды ата-анасына қайтару олардың мүдделеріне сай келетінін анықтауы тиіс.

Атап айтқанда сот ата-анасының баланы тиісінше тәрбиелеуді қамтамасыз етуінің нақты мүмкіндігін, ата-анасының баламен арада қалыптасқан өзара қарым-қатынасының сипатын, баланың бірге тұрып жатқан адамдарға үйірлігін және ата-анасының, сондай-ақ баламен іс жүзінде тұрып, тәрбиелеп отырған адамдардың баланың өмір сүруі мен тәрбиесіне қолайлы жағдайлар жасауына ықпал ететін басқа да нақты мән-жайларды ескереді.

Сот, егер баланы ата-аналарға (ата-анасына) беру баланың мүдделеріне сай келмейді деген тұжырымға келсе, баланың пікірін ескере отырып, ата-аналарының (ата-анасының) талап қоюын қанағаттандырудан бас тартуға құқылы. Сот баланың пікірін Кодекстің 62-бабының талаптарына сәйкес ескереді.

Егер сот талқылауы барысында ата-аналардың да, баланы асырап отырған басқа адамның да оның тиісті тәрбиесі мен дамуын қамтамасыз етуге жағдайы келмейтіні анықталса, сот талап қоюды қанағаттандырудан бас тартады және баланың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін шаралар қабылдау және оның болашақ тағдырын шешудің барынша тиімді тәсілін таңдау мақсатында баланы қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына береді (Кодекстің 74-бабы).

8. Сот баланың құқықтарын қорғау мақсатында және оның мүдделерін ескере отырып, ата-ананың ата-ана құқықтарын шектеуі мүмкін (Кодекстің 79-бабы).

Егер баланы ата-анасымен қалдыру оған ата-аналарға байланысты емес мән-жайлар (психикасының бұзылуы немесе өзге де созылмалы ауруы, ауыр мән-жайларға душар болуы) бойынша қауіпті болса, ата-ана құқықтарын шектеуге жол беріледі. Бұл ретте заң ата-ана құқықтарын шектеу мүмкіндігін ата-ананы әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танумен байланыстырмайды.

Егер баланы ата-анасымен қалдыру ата-анасының мінез-құлықтары салдарынан бала үшін қауіпті болса, бірақ ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыруға жеткілікті негіздер анықталмаса, сот ата-ана құқықтарын шектеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Ата-ана құқықтарын шектеу туралы мәселені шешу барысында сот қауіптің сипаты мен дәрежесін, сондай-ақ баланы ата-аналарымен қалдырған жағдайда, оның өміріне немесе денсаулығына қауіпті ықтимал салдарларды негізге алуы, сонымен қатар өзге де мән-жайларды ескеруі тиіс. Бала үшін қауіп төндіретін ата-аналардың кінәлі мінез-құлықтары болған жағдайда – ата-аналар өз мінез-құқының кінәлілігін сезінетінін-сезінбейтінін және оны жақсы жағына өзгертуге табанды ниетінің бар-жоғын, өз мінез-құлқын түзету мақсатында қандай нақты шараларды қабылдауға ниеттеніп отырғанын немесе қабылдағанын анықтау қажет.

Кодекстің 79-бабына орай ата-ана құқықтарын шектеу туралы істер баланың жақын туыстарының, бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың (балалар үйі, интернат ұйымдары, отбасы үлгісіндегі балалар ауылдары, жасөспірімдер үйлері, қиын тұрмыстық жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтары, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары) талап қоюлары бойынша, сондай-ақ прокурордың талап қоюы бойынша қаралады.

Заңнамада ата-аналардың (олардың біреуінің) ата-ана құқықтары шектелуі мүмкін мерзім белгіленбеген, мұндай мерзім ата-ана құқықтарын шектеу қажеттігін туғызған мән-жайлар жойылатын күннің айқын болмауы салдарынан объективті түрде белгілене алмайды, осыған байланысты сот ата-ана құқықтарын шектеу мерзімін көрсетпей шешім шығарады.

Сот ата-аналардың (олардың біреуінің) кінәлі мінез - құлқына байланысты ата-ана құқықтарын шектеу туралы талап қоюды қанағаттандыра отырып, ата-аналарға (олардың біреуіне), егер олар өз мінез-құлықтарын өзгертпесе, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган оларға Кодекстің 79-бабының 2-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюға міндетті екенін түсіндіруі тиіс.

Бұл міндет ата-аналардың кінәлі мінез-құлқы салдарынан ата-ана құқықтарынан шектелген жағдайларға қатысты айқындалады.

Өзіне байланысты емес (психикасының бұзылуы немесе өзге де созылмалы дерті, ауыр мән-жайларға душар болуы) мән-жайлар бойынша ата-ана құқықтарынан шектелген адамды ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қою қанағаттандырылуға жатпайды.

9. Ата-аналардың айырылуы мүмкін ата-ана құқықтары деп оларға балалар кәмелеттік жасқа толғанға дейін берілген: баланы тәрбиелеу, оның денсаулығына қамқор болу, олардың мүдделерін білдіру және қорғау, балаларды басқа адамдардан қайтаруды талап ету, баланы асырап алуға келісім беру немесе келісім беруден бас тарту, он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың, АҚ-нің 22-бабының 2-тармағында аталған мәмілелерді қоспағанда, мәмілелер жасауына келісім беру, осы кәмелетке толмағандардың өз еңбек табыстарына, стипендиясына, өзге де кірістеріне және олар жасаған зияткерлік меншік құқығы объектілеріне және т.б. өздері дербес билік етуін шектеу немесе одан айыру туралы сотқа арыз беру құқығын түсінген жөн.

Ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешім шығару ата-ананың (олардың біреуінің) жоғарыда көрсетілген құқықтарынан ғана емес, отбасылық, сондай-ақ өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, баламен туыстық фактісіне негізделген басқа да құқықтардан (Кодекстің 145-бабында көзделген асырауға қаражат алу, балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақы алу, заң бойынша мұрагерлік құқығы және т.б.) айырылуына әкеп соғады.

10. Кодекстің 76-бабына сәйкес ата-ана құқықтарынан айыру туралы істер ата-ананың біреуінің немесе баланың басқа да заңды өкілдердің, кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттер жүктелген органдардың немесе ұйымдардың (қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі комиссиялардың, жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемелердің, атап айтқанда, сәбилер үйлерінің, мектеп-интернаттардың, балалар үйлерінің, өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды қолдау орталықтарының, мүгедектер үйлерінің, дене кемістігі бар балаларға

арналған интернаттардың және басқалардың) арызы бойынша, сондай-ақ прокурордың талап қоюы бойынша қаралады.

11. Судья ата-ананың біреуін ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу туралы істі сот талқылауына дайындау барысында кәмелетке толмаған баланың құқықтарын қорғау және оны одан әрі тәрбиелеудің тиісті жағдайларын қамтамасыз ету, сонымен қатар баламен бірге тұрмайтын ата-анасының құқықтарын қорғау мақсатында осы ата-анаға сот талқылауының уақыты мен орнын хабарлауға, оның баланы тәрбиелеу үшін өзіне беру туралы талап мәлімдеуге құқылы екенін түсіндіруге міндетті.

12. Ата-аналардың кінәлі мінез-құлқы болған жағдайда ғана сот оларды Кодекстің 75-бабында көзделген негіздер бойынша ата-ана құқықтарынан айыруы мүмкін.

Ата-аналардың балаларды тәрбиелеу жөніндегі өз міндеттерін орындаудан жалтаруы балаларының адамгершілік және физикалық дамуына, білім алуына, оларды қоғамға пайдалы еңбекке баулуға қамқорлық жасамауына, алименттер төлеуден қасақана бас тартуына байланысты болуы мүмкін.

Ата-ананың алименттер төлеуден қасақана жалтарғаны жөніндегі мәселені шешу кезінде оларды төлемеу мерзімінің ұзақтығы мен себептерін ескеру қажет.

Алименттер төлеуден жалтарудың қасақана сипатын, мысалы, алименттер төлеу туралы нотариат куәландырған келісімнің немесе алименттер өндіріп алу туралы сот актісінің негізінде алименттер төлеушінің кінәсінен қалыптасқан алименттер бойынша берешектің болуы; алименттер ұсталатын жалақысының және (немесе) өзге кірісінің шынайы мөлшерін жасыруы; алимент төлеуге міндетті ата-ананы тұратын жерін жасыруына байланысты іздестіру; балаларды күтіп-бағу қаражатын төлеу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін олардың ата-анасын әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тарту (Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 669-бабы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 139-бабы) куәландыруы мүмкін.

Өз баласын перзентханадан (оның бөлімшесінен), жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелді себептерсіз бас тартуға байланысты ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қоюды қараған кезде, сот, атап айтқанда, мұндай бас тартудың қандай себептерге байланысты болғанын және олардың дәлелді болуын; ата-аналардың баламен қарым-қатынасын; ата-аналардың баланы алудан бас тартуға негіз болған мән-жайларды болдырмауға қандай да бір шаралар қабылдағанын және (немесе) осы мән-жайлардың өзгергенін тексеруі тиіс.

Ата-ана құқықтарын теріс пайдалану деп осы құқықтарды балалардың мүдделеріне нұқсан келтіре отырып пайдалануды, мысалы, балалардың оқуына кедергі келтіруді, қайыр сұрауға, ұрлыққа, жезөкшелікке, спирттік ішімдіктерді немесе есірткі заттарын, психотроптық заттарды және (немесе) оларға тектес түрлерін тұтынуға итермелеуді және т.б. түсінген жөн.

Балаларға қатыгездікпен қарау ата-аналардың оларға физикалық немесе психикалық зорлық-зомбылық жасауынан немесе олардың жыныстық қол сұғылмауына қастық жасауынан ғана емес, жол берілмейтін тәрбиелеу тәсілдерін қолдануынан да (балаларға адами қадір-қасиетін кемсітетін дәрежі, немқұрайлы қарау, балаларды қорлау немесе қанау) көрінуі мүмкін.

Өз баласының, жұбайының не отбасының басқа да мүшелерінің өміріне немесе денсаулығына қарсы қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасау фактісі соттың заңды күшіне енген айыптау үкімімен немесе қылмыстық істі ақталмайтын негіз бойынша тоқтату туралы сот қаулысымен не сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысымен расталуға тиіс.

13. Ата-ана құқықтарынан айыру ең соңғы шара болып табылады, сондықтан ата-анасының кінәлі мінез-құлқы дәлелденген ерекше жағдайларда, сот оның мінез-құлқының сипатын, жеке басын және басқа да нақты мән-жайларды ескере отырып, ата-ана құқықтарынан айыру туралы қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартуға және жауапкерге оның балаларды тәрбиелеуге көзқарасын өзгерту қажеттігін ескертіп, оның ата-аналық міндеттерін орындауын бақылауды қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдарға жүктеуге құқылы.

Өздерінің ата-аналық міндеттерін ата-анаға байланысты емес мән-жайлар (психикасының бұзылуы немесе басқа созылмалы ауруы, ауыр мән-жайларға душар болуы) бойынша орындамаған адамдарды Кодекстің 75-бабының 1-тармағында көзделген негіздердің бар екеніне қармастан, ата-ана құқықтарынан айыруға болмайтынын соттардың назарда ұстағандары жөн.

Көрсетілген жағдайларда, сонымен қатар істі қарау барысында ата-ананы (олардың біреуін) ата-ана құқықтарынан айыруға жеткілікті негіздер анықталмаса, баланы ата-анасымен қалдыру ол үшін қауіпті болған жағдайда, сот ата-ана құқықтарын шектеу тәртібімен баланы олардан алып, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың қамқорлығына беру туралы шешім шығара алады (Кодекстің 79-бабы).

АПК-нің 48-бабының мағынасы бойынша талап қоюды тану жауапкердің құқығы болып табылады. АПК-нің 48-бабының екінші бөлігіне сәйкес, егер бұл әрекеттер заңға қайшы келсе немесе қандай да біреудің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзса, сот жауапкердің

талап қоюды тануын қабылдамайды. Ата-ана құқықтарынан айыру жөнінде қойылған талапты қанағаттандыру туралы соттың шешімі тек жауапкердің қойылған талапты мойындауына ғана негізделе алмайды, өйткені Кодекстің 75-бабында көзделген негіздер болмаған кезде ата-анасының өз баласына қатысты ата-ана құқығының күшін жою жөніндегі ниеті ата-ана құқықтарынан айыруға негіз болып табылмайды.

14. Кодекстің 77-бабының 2-тармағына, 80-бабының 2-тармағына сәйкес ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу ата-ананы өз баласын күтіп-бағу міндеттерінен босатпайды, сондықтан сот ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу туралы істерді қарау барысында талаптың қойылғанына-қойылмағанына қарамастан балаға алимент өндіру туралы шешім қабылдайды.

Талап қоюшының баланы күтіп-бағу үшін алименттер өндіріп алудан бас тартуы заңға қайшы келеді және баланың құқықтарын бұзады, сондықтан АПК-нің 48-бабының екінші бөлігіне сәйкес сот мұндай бас тартуды қабылдай алмайды.

Ата-ананың біреуін ата-ана құқықтарынан айырған немесе оны шектеген және баланы ата-анасының екіншісіне, қорғаншыға немесе қамқоршыға не патронат тәрбиешілерге берген кезде, алименттер өндіріліп аталған адамдарға төленеді.

Егер балалар ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу туралы мәселе шешілгенге дейін жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға орналастырылған болса, сондай-ақ ата-ананың екеуін де немесе олардың біреуін ата-ана құқықтарынан айырған немесе оны шектеген кезде, баланы ата-ананың екіншісіне беру мүмкін болмаған және бала жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға орналастырылса, тәрбиелеу, емдеу және басқа да мекемелердегі осындай балалар үшін ата-аналардан өндіріп алынатын алименттер жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардағы балалардың шоттарына аударылады. Жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар басшыларының алименттерден, жәрдемақылар мен басқа да әлеуметтік төлемдерден келіп түскен қаражатты тәрбиеленушілердің банктік шоттарынан алуға құқығы жоқ.

Қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронат тәрбиешіге берілген балаларға арналған алимент төлемдерінің сомасы екінші деңгейдегі банктерде ашылған осы балалардың депозиттік шоттарына аударылады (Кодекстің 142-бабы).

15. Соттың ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу туралы шешімінде баланың кімге: ата-ананың екіншісіне, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның немесе қамқоршы (қорғаншы) адамның, егер ол белгіленген тәртіппен

тағайындалған болса, тәрбиесіне берілетін субъект көрсетілуі тиіс. Баланы туыстарының және басқа адамдардың тәрбиесіне беруге бұл адамдар оның қамқоршысы немесе қорғаншысы болып тағайындалған жағдайда ғана жол беріледі.

Баланы ата-анасының екіншісіне беруге мүмкіндік болмаған, ата-анасының екеуін де ата-ана құқықтарынан айырған немесе оны шектеген, қорғаншы (қамқоршы) әлі тағайындалмаған кезде, бала қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қамқорлығына беріледі. Соттар баланы орналастырудың нақты тәртібін (балалар мекемесіне, мектеп-интернатқа орналастыру, қамқоршы тағайындау т.с.с) айқындамайды, өйткені бұл мәселе көрсетілген органдардың айрықша құзыретіне жатады.

Соттың ата-ана құқықтарынан айыру туралы шешімінің үзінді көшірмесін ол заңды күшіне енген күннен бастап үш күннің ішінде сот Кодекстің 76-бабының 5-тармағына сәйкес баланың тууын мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және баланың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберуге тиіс.

Ата-ана құқықтарынан айырылған адамның балаларға тағайындалған зейнетақы, жәрдемақы, басқа да төлемдерді, сонымен қатар балаға өндіріп алынған алименттерді алу құқығынан айырылатынын (Кодекстің 77-бабының 1-тармағы), ал ата-ана құқықтары шектелген адамның балалары бар азаматтар үшін белгіленген жеңілдіктер мен мемлекеттік жәрдемақылар алу құқығынан айырылатынын (Кодекстің 79-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы) ескере отырып, сот ата-ана құқықтарынан айыру немесе оны шектеу туралы шешім заңды күшіне енгеннен кейін, оның көшірмесін осы төлемдерді жүргізетін органға немесе шешім шығарылған (бұйрық берілген) жердегі сотқа немесе сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық органға жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдардағы және қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронат тәрбиесіне берілген балалардың шоттарына төлемдерді аудару мәселесін қарау үшін жіберуге тиіс.

16. Сот Кодекстің 78-бабының 2-тармағына сәйкес ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы мәселені ата-ана құқықтарынан айырылған ата-ананың арызы бойынша шешеді. Мұндай талап бала кімнің қамқорлығында болуына байланысты, ата-ананың екіншісіне не қорғаншыға (қамқоршыға), патронат тәрбиешіге немесе балалар мекемесіне қойылады.

Соттар ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы талап қоюды қарау барысында ата-аналардың мінез-құлқы мен өмір салтының және бала тәрбиесіне деген көзқарасының өзгергенін анықтауға тиіс. Егер құқықтарды

қалпына келтіру баланың мүдделеріне қайшы келсе, сондай-ақ бала асырап алынған болса және баланы асырап алудың күші жойылмаса немесе ол жарамсыз деп танылмаса; ата-ана құқықтарын қалпына келтіруге он жасқа толған бала қарсылық білдірсе, келіспеу уәждеріне қарамастан қойылған талап қанағаттандырылуға жатпайды (Кодекстің 78-бабының 3-тармағы).

Ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы талап қоюмен бірге сол адамның баланы өзіне қайтарып беру туралы талап қоюы да қаралуы мүмкін. Егер сот баланы ата-анасына (ата-аналарына) қайтару баланың мүддесіне сай келмейді деген тұжырымға келсе, онда ата-ана құқықтарын қалпына келтіру бөлігінде талап қою қанағаттандырылған болса да, баланы қайтарып беру туралы талапты қанағаттандырудан бас тартуға құқылы.

Кодекстің 76-бабының 5-тармағына ұқсастығы бойынша ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы соттың шешімнің үзінді көшірмесін сот шешім заңды күшіне енген күннен бастап үш күн ішінде осы баланың тууын мемлекеттік тіркеу орны бойынша тіркеуші органға және баланың тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға жіберуге тиіс.

17. Сот Кодекстің 81-бабының 1-тармағына сәйкес ата-ана құқықтары шектелген ата-аналардың талап қоюы бойынша ата-ана құқықтарын шектеу салдарының күшін жояды. Мұндай талап қамқорлығында бала бар адамға қойылады.

Егер ата-ананың ата-ана құқықтарын шектеу салдары жойылса және баланы ата-анасына қайтару баланың мүддесіне сай келсе, сот баланы ата-аналарына қайтару және ата-ана құқықтарын шектеудің күшін жою туралы шешім қабылдай алады.

Егер сот баланы ата-аналарына қайтару оның мүдделеріне қайшы келеді деген тұжырымға келсе, баланың пікірін ескере отырып, қойылған талапты қанағаттандырудан бас тартады.

Сот ата-ана құқықтарын шектеудің күшін жою не ата-ана құқықтарын қалпына келтіру және баланы ата-аналарына қайтару туралы талап қоюды қанағаттандыра отырып, осы ата-аналардан балаға алименттер өндіруді тоқтату мәселесін шешеді.

18. Баланың тууы туралы акт жазбасында оның ата-аналары ретінде көрсетілмеген баланы асырап алушыларға және іс жүзінде оны тәрбиелеп отырған адамдарға ата-ана құқықтарынан айыру туралы талап қойылуы мүмкін емес, себебі құқықтар мен міндеттер балалардың олардан шыққан тегі нәтижесінен туындамайды.

Бала асырап алушының міндеттерді орындаудан жалтаруы, ата-ана құқықтарын теріс пайдалануы, асырап алған балаларға қатыгездікпен қарауы ата-ана құқықтарынан айыру үшін емес, бала асырап алудың күшін жоюға негіздер болып табылады.

19. Қорғаншы (қамқоршы) өзіне жүктелген міндеттерді тиісінше орындамаған жағдайларда, оның ішінде ол қорғаншылықты немесе қамқоршылықты пайдакүнемдік мақсатта пайдаланған не қамқорлығындағы баланы қадағалаусыз және қажетті көмексіз қалдырған жағдайда, аталған адам ата-ана құқықтарынан айырылмай, қорғаншы (қамқоршы) міндеттерін орындаудан шеттетілуі мүмкін. Қорғаншыны (қамқоршыны) өз міндеттерін орындаудан шеттету туралы мәселені қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдар шешеді. Егер қорғаншылық (қамқоршылық) жөніндегі міндеттерден шеттетілген адам баланы беруден бас тартса, оған баланы айырып алу туралы талап қойылуы мүмкін.

20. Қажет болған жағдайларда соттар балаларды айырып алу туралы істер бойынша баланың бір адамнан екінші адамға берілуіне ықпал ететін шаралар қолдануды көздей отырып, шешімдердің орындалу тәртібін айқындағандары жөн. Баланы беру туралы соттың шешімін оның мүдделеріне зиян келтірмей орындау мүмкін болмаған кезде, бала АПК-нің 238-бабына сәйкес соттың ұйғарымы бойынша тәрбиелеу, емдеу немесе басқа мекемеге уақытша орналастырылуы мүмкін.

21. Сот балаларды тәрбиелеуге байланысты дау бойынша медиациялық келісімді, татуласу келісімін немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді бекіте отырып, оның шарттарының заңға қайшы келмейтініне және баланың құқықтарын бұзбайтынына көз жеткізуге тиіс (АПК-нің 177-бабының төртінші бөлігі, 180-бабының екінші бөлігі, АПК-нің 182-бабының екінші бөлігі). Сот келісімді бекіткенге дейін баланың және оны тәрбиелеуге үміттеніп отырған адамның тұрмыс жағдайларын зерттеуі қажет, сондай-ақ Кодекстің 62-бабының талаптарын сақтай отырып баланың келісім шарттары жөніндегі пікірін анықтауы тиіс.

22. Қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау шараларын уақтылы қабылдамауы, балалардың құқықтарын бұзуға әкеп соғатын өзге де адамдардың тарапынан заңсыз әрекеттері туралы сот отырысында анықталған фактілер бойынша соттар тиісті ұйымдардың немесе лауазымды адамдардың атына жеке ұйғарымдар шығаруы тиіс.

23. Мыналардың:

1) «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысының;

2) «Соттардың балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды шешу кезінде заңды қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 2000 жылғы 28 сәуірдегі № 4 қаулысына өзгерістер

енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2008 жылғы 22 желтоқсандағы № 12 нормативтік қаулысының;

3) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2012 жылғы 31 мамырдағы № 2 нормативтік қаулысының 2-тармағының;

4) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 31 наурыздағы № 2 нормативтік қаулысының 8-тармағының;

5) «Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының кейбір нормативтік қаулыларына азаматтық және азаматтық процестік заңнама бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 7 нормативтік қаулысының 5-тармағының күші жойылды деп танылсын.

24. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

**Ж. Асанов**

**Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы**

**Г.Әлмағамбетова**

## **НОРМАТИВНОЕ ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 15 ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

29 ноября 2018 года

город Астана

